Бұйымды орнату және пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып алыңыз! Онда юйымды орнату, пайдалану және күтімдеу жөнінде маңызды ақпарат берілген.

Осы нұсқаулықтар мен ескертпелерде көрсетілген сақтандырулар мен нұсқауларға назар аудармай әрекет етілген жағдайларда өндіруші ықтимал зардаптар үшін жауапкершілікті көтермейді. Бүкіл құжаттаманы одан әрі пайдалану немесе басқа қолданушыға беру үшін сактаңыз..

Техникалық қауіпсіздік

 Өрт қауіпі Суыту жүйесінің құбырларында кем көлемде қоршаған ортаны сақтайтын, бірақ жанатын хладагент (R600a) ағады. Ол озон қабатына зиян келтірмей көшетхана өсерін күштейтпейді. Хладагент шыққанды көздерді жарақаттауы мүмкін немесе оталуы мүмкін.

ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖАҒДАЙДА

- Тоңазытқышты ашық оттан және тұтану бұлақтардан аулақ ұстаныз,
- Бөлмені жақсылап желдетіп алыңыз,
- Тоңазытқышты өшіріп ашаны розеткадан шығарыңыз,
- Сервис кызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Бұйымдағы салқындақтыш заттың мөлшері неғұрлым көп болса, ол тұратын панажайдың көлемі де соғұрлым үлкен болуы тиіс. Тым кішкентай панажайларда салқындақтыш зат жылыстаған жағдайда жанғыш газ-аяу қоспасы пайда болуы мүмкін.

Салқындақтыш заттың әр 8 граммына кемінде 1 m^3 көністік келіп отыруы тиіс.

Бұйымыңыздағы салқындақтыш заттың мөлшері бұйымның ішіндегі зауыттық тақташада көрсетілген.

Құрылғыны орнатуда желіге қосу сымы қысылмағанына немесе зақымдалмағанына тексеріңіз.

Бұзылған электр жүйесін және сымдарын айырбастауға өндіруші, сервис кызмет көрсету орталығы және білікті мамандар ғана құқықты.

Дұрыс емес атқарылған орнату және жөндеу жұмыстары пайдаланушылар үшін өте қауіпті.

Бұйымды жөндеу жұмыстарынтек өндіруші, сервис қызметі немесе тиісті құзырлы тұлға ғана жүргізе алады.

Тек өндіруші тарапынан шығарылған түпнұсқа бөлшектерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Тек осылар ғана қауіпсіздік техникасы талаптарын орындаі алады деп шығарушы тарапынан кепілдік беріледі.

Ешқандай көп айырлы розеткаларды, ұзартқыш кабельді немесе адаптерді пайдаланбаңыз.



Өрт қауіпі

Тасымалы көп жайлық розеткалар немесе тасымалы желі бөліктері қызып кетіп өрте алып келуі мүмкін. Көп жайлық тасымалы розеткалар немесе тасымалы желі бөліктерін құрылғы арқасында орналастырыныз.

Пайдаланып тұрған кезінде

- Тоңазытқыштың ішкі жағында электр бұйымдарды пайдалануға болмайды (мысалы қыздырғыш бұйымдарды, электр мұз дайындаудың аспаптарды). Жарылып кету қауіптілігі!

- Тоңазытқышты ыстық бumen жібітуге немесе тазалауға болмайды! Бу электр бөлшектеріне жеткенде қысқа түйікталуына себеп болуы мүмкін. Электр қуатына тұсу қаупі!
- Еруді жылдамдату үшін өндіруші деректерінен басқа ешқандай қосымша әрекеттерді жасамаңыз. Жарылып кету қауіптілігі!
- Қырау не мұз қабатын кетіру үшін үшкір немесе өткір жиекті заттарды қолданбауының лазым, себебі. Бұл әрекет сұыту заттарды өткізетін құбырларының бұзылуына апаруы мүмкін. Сұыту заттары жарылып немесе көзге зиян келтіруі мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішіне тұтану газдарды (мысалы аэрозольдық баллон) және жарылғыш заттердегі қоюға болмайды. Жарылып кету қауіптілігі!
- Тоңазытқыштың бөлімдерін, сөрелерін және есіктерін түпқойма немесе сүйеніш қатары пайдалануға болмайды

- Мұзды не бұйымды тазалау үшін бұйым айырын розеткадан сұрып немесе сақтандырғышты істен шығарып алу керек. Сымды ұстамай ашаны розеткадан шығарыңыз.
- Арақ шарап ішімдіктерді жабық және тұрғызып сақтаңыз.
- Пластик бөлшектерді және есік тығыздауышты маймен ластап тастамаңыз. Маймен ластап тасталған бөлшектер және тығыздауыш ұсақ тетікті болып қалады.
- Желдеткіш саңылауларды еш бөгетсіз ашық ұстаңыз.
- Мұздату бөлемінде сүйкіты заттарды шишалар және қаңылтыр құтыларда (әсіресе құрамында көмір қышқылы бар бұйымдарды) сақтамаңыз. Бөтелкелер мен құтылар жарылуы мүмкін!
- Мұздатылған тағамды жібітіп алған соң оны бірден ауызға салуға болмайды. Тоңазу қауіптілігі бар!
- Мұздатылған тағамды, мұзды немесе салқыннаткыш құбырларын көп қолмен ұстамаңыз. Тоңазу қауіптілігі бар!

■ Балалар және қауіптерге ұшырағыш болатын адамдар үшін тәуекелдерді бодырмау:

Қауіптерге ұшырай алатын деп балалар және физикалық, психикалық, не аңғару қабілеттері шектеулі немесе осы электрбұйымды қауіпсіз түрде қолдану бойынша білімі жеткіліксіз болған тұлғалар саналады. Балалар және қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар мүмкін болатын қауіптерді түсініп алғанын тексеріп алыңыз.

Қауіпсіздік үшін жауапты адам балалар немесе қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар электрбұйыммен жұмыс істегендерінде оларды қадағалап және оларға нұсқау беріп отыруы керек.

Жасы 8 толған балаларға ғана электрбұйымды қолдануға рұқсат етіледі.

Электрбұйымды тазалау немесе күту жұмыстарын өткізгендерінде балаларды қадағалап отыру керек.

Балаларды аспаппен ойнатуға болмайды.

Балалар мен үй шаруашылығы

- Бүйым орамасын және бөлшектерін балаларға берменіз.

Полиэтиленді қаптамада мен жиналмалы қатырмағағаз қапшықтарында тұншығып қалу қауібі бар!

- Бүйым – балаларға арналған ойыншық емес!
- Есіктік құлпы бар бүйымда: Кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

Жалпы анықтаулар

Құрылғы төменде көрсетілген мақсаттармен қолданыла алынаады:

- тағамдарды тоңазыту және мұздату,
- мұз дайындау.

Бұл бүйым үй шаруашылығында және тұрмыстық пайдалануға және тұрмыстық салаға арналған. Салқыннатқыш агенттің циркуляциялық кескінінің тығызыңбылдыруы тексерілген.

Осы құрылғы электр аспаптары қауіпсіздігі туралы ережеге сәйкес келеді және радиокедегілерден қорғалған. Бұл құрылғы теніз деңгейінен максималды 2000 метрге дейін болған биіктікте пайдалануға арналған.

Кәдеге жарату бойынша қатысты нұсқамалар

Ораманың кәдеге жаратылуы

Орама тасымалдау уақытында бүйымыңызды зақымданудан қорғайды. Барлық орама материалдар қоршаған ортаға зиян келтірмейді және қайта өндөлуі мүмкін. Қоршаған ортаны қорғауға әзірлеуден үлесінізді салып көмек етіңіз: ораманы экологиялық нормаларға сәйкес кәдеге жаратыңыз. Кәдеге жаратудың көкейкесті жолдары туралы бүйымды сататын сатушыдан немесе жергілікті әкімшілікten сурал біле аласыз.

Ескі бүйымды кәдеге жарату

Пайдалану мерзімі аяқталған бүйымдарға қажетсіз қоқыс деп қарамау керек! Оларды экологиялық таза түрде кәдеге жаратқан жағдайда олардан қайтадан бағалы шикізат алуға болады.



Бұл бүйым Еуропа Одағының 2012/19/EG Электрлік және электронды құрылғылар туралы Директивасының (waste electrical and electronic equipment – WEEE) талаптарына сәйкес келеді. Осы Директива Еуропа Одағында қолданылатын ескі аспаптарды қайтару мен кәдеге жаратудың ережелерін реттейді.

- ⚠ Ескерту және ескертулер**
- Пайдалануы аяқталған бұйымдарда
1. Ашасын розеткадан сұрып алыңыз.
 2. Кабелін бөліп, ашасымен бірге алыңыз.
 3. Балалардың жәшіктер мен контейнерлердің ішіне енуіне жол бермеу үшін оларды шығармаңыз!
 4. Пайдалану мерзімі аяқталған бұйыммен ойнауға балаларға рұқсат берменіз. Қылқынып қалу қаупі бар!

Сұытқыш аспаптардың ішінде сұытқыш заттаржәне оқшауламасында газдар бар. Сұытқыш заттармен газдар білкті түрде көдеге жаратылуы тиіс. Сұытқыш зат контурының тұтікшелері білкті түрде көдеге жаратылғанға дейін зақымдалмауы тиіс.

Жеткізіліп берілетін жиынтықтың көлемі

Орамасын ашып. Бұйымның барлық бөлшектерін тасымалдау кезінде зақымданулы бар не жоғын тексеріп шығыңыз.

Шағымдарыңыз болса бұйымды өзінізгесатқан сатушыға не біздің сервис орталығымызға осы шағымдар туралы хабар беріңіз..

Жеткізіліп берілетін жиынтығы күрамына тәмендегілер кіреді:

- Едендік құрылғы
- Жабдықталуы моделіне байланысты
- Орнату үшін материалы салынған дорба
- Пайдалану туралы нұсқаулығы
- Орнату жөнінде нұсқаулар
- Сервистік кітапша
- Кепілдік құжаты
- Энергияны тұтыну мен шуыл деңгейі туралы мәліметтер

Орнату жері

Орнату орны ретінде құрғак, желдете алынатын бәлмелер жарамды болады. Орнату орны күн сәулелерінің тікелей түсетін жерлердің және пеш, жылытықш не қыздырығыш сияқты жылу беретін көздердің жаңында болмауы тиіс. Электрбұйымның жылу беретін көздердің жаңында қойылуы керек болғанда арнайы тежеулі аралық, тақталарын қолданыңыз немесе жылу беру көздеріне дейін теменде көрсетілген аралықтарын ұстаныңыз:

- Электр және газ пештеріне дейін – 3 см.
- Май немесе көмірмен істейтін пештерге дейін – 30 см.

Орнату жеріндегі еденде ешбір шөгілу болмауы тиіс. Керек болса, еденді бекетуініз керек. Еденде тегіс емес жерлері бар болғанда оларды төсем аралықтар салу арқылы тегістеңіз.

Қабырғаға дейін аралық

Электрбұйымды, оның есік ашу бұрышының 90° болатында қылыш орнатыңыз.

Бөлме температуrasesы мен жеддетуді қадағалап отырыңыз

Бөлме температуrasesы

Бұл бұйым белгілі бір климаттық топта жұмыс істеуге арналған. Климаттық топқа байланысты. Бұйымды келесі бөлме температуралары жағдайында пайдалануға болады.

Климаттық топ зауыттық тақшада көрсетілген, **16** сурет.

Климаттық топ	Лайықты бөлме температуrasesы
SN	+10 °C және 32 °C аралығында
N	+16 °C және 32 °C аралығында
ST	+16 °C және 38 °C аралығында
T	+16 °C және 43 °C аралығында

Ескерту:

Бұйым көрсетілген климаттық топтың бөлме температуrasesы шегінде толығымен жұмыс істеуге жарамды. Бұйымды $+5^{\circ}$ С дейін бөлме температуrasesы жағдайында пайдаланған жағдайда SN тобындағы бұйымның зақымдалуы мүмкін емес.

Желдету

2 суреті

Электрбұйымның артқы жақ қабырғасындағы және бүйір жақтарындағы ауа жылынады. Жылы ауа бөгетсіз желдептіліп тұруы керек. Әйтпесе салқыннатқыш машина жоғары істейді және электр қуатының пайдалуы көбейіп кетеді. Сондықтан: Вентиляция және ауаны сорғызып шығаратын санылауларды ешқашан үстінен немесе шетінен жауып қоймаңыз!

Бұйымның қосылуы

Бұйым қосылғаннан кейін пайдалануға дайын уақытына дейін кеміндегі бір сағат өтуі керек. Тасымалдау уақытында майдың сыйымдағыштан салқыннату жүйесіне түсіу мүмкін.

Алғашқы пайдалану алдында бұйымды ішінен жуыныз («Құрылғыны жуу» тарауын қарандыз).

Электр желісіне қосу

Розетка электрбұйымның жаңында және оның орнатылғанынан кейін женіл түрде қолжетімді болып тұруы керек.



Ескерту және ескертулер

Электр қуатына тұсу қаупі!

Егер егер желіге қосу сымының ұзындығы жетерлік болса, көп орындық розетканы немесе ұзарту кабелін пайдаланбаңыз. Оның орнына техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласып жолын сұраныз.

Құрылғы I қорғау сыныбына сай.

Тонализтықш дұрыс орнатылған розетка арқылы 220-240 В / 50 Гц айнымалы электр тоғына қосылады. Розеткада 10 А – 16 А сақтандырыш болуы керек.

Еуропадан тыс елдерде пайдаланатын электрбұйымдарды электр желісіне қоспаса бұрын көрнекі мен үйдегі электр желісінің қуатына сай келетіндігін тексеріп алыңыз. Бұл деректерді зауыттық тақтайшада табасыз, сурет **16**.




Ескерту және ескертулер

Бұйымды энергия үнемдейтін электр розеткаларға қосуға тыбым салынады.

Бұйымдарымыздың жұмыс істеуі үшін синустық және автономды емес инверторларды пайдалануға болады.

Автономды емес инверторлар ортақ электр желісіне тікелей қосылған фотогальваникалық электр бұйымдарда пайдаланылады. Ортақ электр желісіне қолды жеткізбейтін құралдар үшін (мысалы, кемелерде немесе тауларда) синуспен жүргізілетін инверторларды қолдану керек.

Бүйіммен танысу



Суреттері бар ен соңғы бетті ашуыңызды өтінеміз. Пайдалану жөніндегі бұл жетекші құрал бірнеше модельдер үшін жарамды. Модельдердің жабдықталынуы өзгеріп отыруы мүмкін. Суреттерде өзгешеліктер болуы мүмкін.

1 суреті

* Барлық үлгілерде бірдей бар бола бермейді.

- A Тоңазытқыш камера
- B Мұздатқыш камера

- 1–15 Басқару орынның бөлшектері
- 16* Май және ірімшік бөлімі
- 17* Шағын шишалар үшін сәре
- 18 Көлемі ірі шишалар үшін
- 19 Жарық (LED)
- 20* Шишалар сөресі
- 21* Таңғы тамақ үшін жиынтық
- 22 Суытып сақтау бөлімшесі
- 23 Таза тұман шығару жүйесі
- 24 Үлғалдылық реттеғіші бар көкеніс салу үшін сауыт
- 25* Мұздатылатын тағам бөлімі

Басқару орынның бөлшектері

4 суреті

- 1 **Мұздату бөлімшесіндегі температура қөрсеткіші**
Көрсетілетін °C сандары мұздату бөліміндегі °C температураларына сай келеді.
- 2 **– ALARM – индикаторы**
Мұздату бөлімі тым жылы немесе мұздату бөлімінің есігі тым ұзақ уақыт бойы ашық болғанда жанады.
- 3 **Көрсеткіш superfreeze**
Супер мұздату функциясы іске қосылғанында жанып тұрады.
- 4 **Көрсеткіш freshness mode**
Балғындық режимі қосылғанда көрсетіледі.
- 5 **"eco mode" режимі**
еко режимі қосылғанда көрсетіледі.
- 6 **Дабыл индикаторы**
Суыту бөлімінің есігі тым ұзақ уақыт бойы ашық болғанда жанады.
- 7 **Суыту бөлімшесінің температура қөрсеткіші**
Сандар суыту бөлімшесінің орнатылып қойылған C° сай болады.
- 8 **Көрсеткіш supercool**
Супер суыту функциясы іске қосылғанында жанып тұрады.
- 9 **Көрсеткіш vacation mode**
Демалыс режимі қосылғанда көрсетіледі.
- 10 **Түймешіктерді оқшаландыру функциясы "Lock"**
Осы функция қосылып тұрғанда басқару элементтердің параметрлерінің орнатылуы мүмкін емес.

11	lock/alarm off пернесі Бұл түймеше арқылы <ul style="list-style-type: none"> ■ Ескерту дабылы өшіріледі (Дабыл функциясы тарауын қараныз) ■ Түймешіктердің құрсаулауын қосу және өшіру. 	4	Су багын толтыру индикаторы Су багында су тым аз немесе жоқ болғанда немесе су бағы орнатылмаған кезде, жанады немесе жыптылықтайды. Тұман шығарылуы тоқтап қалады.
12	Таңдау-түймешелері +/- Түймешіктер сұыту және мұздату бөлімшелердің температураларын орнату үшін қолданылады.	5	Таза тұман шығару функциясынын реттеу түймесі Таза тұман шығару функциясын қосу және өшіру үшін және таза тұман шығару режимін таңдау үшін қолданылады.
13	°C пернесі бөлме таңдау үшін Бөлмені таңдауға арналған. Бұл оның температурасын өзгерту үшін немесе белгілі арнайы функцияларды қосу үшін керек болады.		
14	Super пернесі supercool (сұытқыш бөлімшесі) және superfreeze (мұздату бөлімшесі) функцияларын қосуға арналған.	1	Алдымен айырғыш ашасын электрбұйым артындағы қосатын жерге енгізіңіз. Ашаның дұрыс енгізілуін тексеріңіз.
15	mode пернесі Арнаулы функцияларды таңдау үшін.	2	Одан кейін кабелдің басқа ұшын электр тоқ розеткасына енгізіңіз.

Таза тұман шығару жүйесінің басқару элементтері

5-сурет

- 1 **Автоматты режим индикаторы**
Автоматты режим таңдалғанда, жанады.
- 2 **Қолмен басқару режимі индикаторы**
Қолмен басқару режимі таңдалғанда, жанады.
- 3 **Су багын тазалау индикаторы**
Соңғы рет тазалағаннан кейін 7 күн өткенде, жанады.
Тұман шығарылуы тоқтап қалады.

Электрбұйымды қосу

- 1 Алдымен айырғыш ашасын электрбұйым артындағы қосатын жерге енгізіңіз. Ашаның дұрыс енгізілуін тексеріңіз.
 - 2 Одан кейін кабелдің басқа ұшын электр тоқ розеткасына енгізіңіз.
- Электрбұйым қосылып, сақтандыру белгісі естілетін болады.
- Сақтандыру дыбысты өшіру үшін lock/ alarm off түймешігін басыңыз.
- Құрылғы орнатылған температураға жеткен сәтте – ALARM – көрсеткіші өшеді.
- Таңдалған температура бірнеше сағат өткен соңға болады. Таңдалған температура болмай тұрғанда тағамдарды тоңазытқышка салуға болмайды.
- Зауыт келесі температураны ұсынады:
- Мұздату бөлімшесі: -18 °C
 - Суыту бөлімшесі: +4 °C

Құрылғының жұмысы бойынша нұсқаулар

- Электрбұйымды қосқаннан кейін таңдалған температура деңгейі орнатылғанша дейін бірнеше сағат керек болуы мүмкін.
- Толық автоматты түрде атқарылатын "NoFrost" жүйесі арқасында мұздату бөлімшесіндегі мұз пайда болмайды. Сондықтан еріту қажет емес.
- Егер мұздату бөлімшесінің esirі жабылғаннан кейін дереу ашылмаса, қысым айырмашылығы тенгерілмейінше дейін тосыңыз.
- Корпустың алғы жағы мен жан қабырғалары жартылай ысыды. Бұл арқылы ылғалдықтың конденсациясының пайда болуына жол берілмейді.

Температурасын қою

4 суреті

Суыту бөлімшесі

Температура деңгейін +2 °C тан +8 °C дейін орнатып қоюға болады.

1. Суыту бөлімшесін °C түймешігімен таңдап алыңыз.
2. Қалаған температура көрсетілгенге дейін +/- түймешіктерін басыңыз.

Тез бұзылып кететін тағамдарды +4 °C асырмай сақтаңыз.

Мұздату бөлімшесі

Температура деңгейін -16 °C тан -24 °C дейін орнатып қоюға болады.

1. Мұздату бөлімшесін °C түймешігімен таңдап алыңыз.
2. Қалаған температура көрсетілгенге дейін +/- түймешіктерін басыңыз.

Арнайы функциялар

4 суреті

Балғын режимі

Балғын режимі арқасында азық-тұлік өнімдер одан да ұзағырақ уақыт бойы сақтала алынатын болады.

Өшіру:

mode түймешігіне freshness mode көрсеткіші пайда болғаныша басыңыз.

Электрбұйым автоматты түрде төмендегі температураларға ауысады:

- Суыту бөлімшесі: +2 °C
- Мұздату бөлімшесі: өзгертілмей қалады

Өшіріңіз:

mode түймешігіне, freshness mode көрсеткіші жойылғаныша басыңыз.

Есо режимі

Есо режимі арқылы құрылғыны электркуят үнемдеу режиміне қоса аласыз.

Өшіру:

mode түймешігіне "eco mode" көрсеткіші пайда болғаныша басыңыз.

Электрбұйым автоматты түрде төмендегі температураларға ауысады:

- Суыту бөлімшесі: +8 °C
- Мұздату бөлімшесі: -16 °C

Өшіріңіз:

mode түймешігіне, "eco mode" көрсеткіші жойылғаныша басыңыз.

Демалыс тәртібі

Ұзак сапарға кеткенде тоқазытқышты электр қуатын үнемдеу демалыс тәртібіне қойып кетуге болады. Суыту бөлімшесіндегі температурасы автоматтый түрде +14 °C өзгереді. Бұл мерзімде суыту бөлімшесіндегі тағамдарды сақтауға болмайды.

Әшіру:

mode түймешігіне vacation mode көрсеткіші пайда болғаныша басыңыз.

Электрбүйім автоматтый түрде төмендегі температураларға ауысады:

- Суыту бөлімшесі: +14 °C
- Мұздату бөлімшесі: өзгертілмей қалады

Әшіріңіз:

mode түймешігіне,vacation mode көрсеткіші жойылғаныша басыңыз.

Пернелерді бұғаттау функциясы Lock

Түймешіктердің бұғаттауды қосу және өшіру үшін lock/alarm off пернесін 5 секунд басып тұрыңыз.

Функция қосулы болса ⇨ көрсеткіші жанады.

Енді басқару панелі кездейсоқ басылудан қорғалған.

Түймешіктер құрсаулауын алып тастау:

Түймешіктердің құрсаулауын өшіру үшін және ескертү дыбысында lock/ alarm off түймешігін басу мүмкін.

Дабыл функциясы

Дабыл келесі жағдайларда істеп бастайды.

Есік дабылы

Тиісті есік тым ұзақ уақыт бойы ашылып тұрса, есік дабылы қосылады да, суыту бөлімінің температура индикаторында 7 немесе мұздату бөлімінің температура индикаторында 1 – ALARM – көрсеткіші пайда болады. Тиісті есік жабылғанда, есік дабылы қайтадан өшіп қалады.

Температура дабылы

Құрылғыдағы температура өте жоғары болып, ас өнімдерінің бұзылып кетуі мүмкін болғанда, температура дабылы іске қосылады. Аралық, сигнал беріліп, мұздату камерасының 1 температура индикаторында – ALARM – пайда болады.

Температура дабылы мына жағдайларда іске қосылуы мүмкін:

- Құрылғыны іске қосу
Ас өнімдерін құрылғы реттелген температурага жеткенде ғана сақтауға қойыңыз.
- Балғын ас өнімдерінің үлкен мөлшерін салу
Балғын ас өнімдерінің үлкен мөлшерін салудан бұрын айрықша мұздату функциясын қосыңыз.
Балғын және алдын ала мұздатылған ас өнімдерін бір-біріне тигізбеніз.
- Құрылғы есігі тым ұзақ ашық түрді
Ас өнімдерінің ери баставанын немесе ерігенін тексеріңіз. Ери баставан немесе еріген ас өнімдерін қайта мұздатуға болмайды.

- екінші тоңазытқыш (іргесін тигізіп орналастыру) немесе басқа жылу көзі құрылғыны қыздырады
Қызмет көрсету орталығына хабарласып, мүмкіндік бойынша құрылғыны оқшаулауды сұраныз.

Ескерту:

Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) өзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.
Өнімдерді жарамдылық мерзімі өткенге дейін пайдалану ұсынылады.
Температура мәліметі 5 секунд мұздатқыш камерада болған ең жоғары температуралы қорсетеді. Соナン соң қайта таңдалған температура қорсетіледі.

Дабыл дыбысын өшіру

Сақтандыру дыбысты өшіру үшін lock/ alarm off түймешігін басыңыз.

Колдану үшін сыйымдылық көлемі

Колдану үшін сыйымдылық көлемі бойынша мәліметтер құрылғының кестесінде қорсетілген. **16** суреті

Мұздату көлемін толығымен пайдалану

Мұздатылатын өнімдерінің мүмкіндігінше жоғары көлемін салу үшін сауытты шығарып қоюыңызға болады. Мұздатылған өнімдерді тікелей сөре үстінен немесе мұздату бөлімшесінің еденінің үстінен бір бірінің үстінен қоюға болады.

Ескерту:

Азық-түліктер мен тағамдардың артқы қабыргаға тиіп кетуін болдыртпауының керек, себебі ол ауа алмасуына бөгет бола алады,
азық-түліктер мен қорапшалардың артқы қабыргаға жабысып мұздап кетуіне апара алады.

Бұйымның жабдықтарын шығарып алыңыз

Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін сұрып алыңыз,
алды жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз. **9** суреті

Суыту бөлімі

Суыту бөлімшесі ет, шұжық, балық, сүт бұйымдары, жұмыртқалар, даяр тағамдар мен нан-бөлке өнімдерін сақтау үшін мінсіз жер.

Орналастыру кезінде ескеріңіз

- Балғын, бұзылмаған азық-түліктерді сақтаңыз. Осылайша сапасы мен балғындығы ұзақ уақыт сақталады.
- Дайын өнімдер мен салындысы бар өнімдер үшін өндіруші ұсынған минималды сақтау немесе пайдалану мерзімін сақтаңыз.
- Азық-түліктің ісін, түсін және балғындығын сақтау үшін оны жақсы орап немесе қаптап орналастырыңыз. Осылайша суыту камерасындағы бір тағамның дәмі және пластик бөліктердің түстери басқа өнімдерге жүқпайды.

- Көкөністерге арналған сауытта ылғалдылық реттегішінің көмегімен ауа айналымын жақсарту және конденсаттың пайда болуына жол бермеу үшін жемістер мен көкөністерді қапталмаған күйде сақтаңыз. Сусындалы және кіші жемістер мен көкөністерді желдету саңылаулары бар тұрақты орауышта сақтаңыз.
- Жылы тағамдарды және сусындарды сұтып алғаннан кейін фана құрылғыға салыңыз.

Ескерту:

Желдеткіш саңылауларды еш бөгетсіз ашық ұстаныз. Тағамдар ауаға бөгет болып қалмасын. Саңылаулардың тұра алдында тұрған өнімдерінің ағып тұратын сұық ауа өсерінен қатып қалуы мүмкін.

Суыту бөлімшесіндегі сұықтық аумақтарына назар аудару

Суыту бөлімшесіндегі ауа айналымы арқылы түрлі сұықтық деңгейлі аумақтар пайда болады:

- Ең суық жерлер ауа шығаратын саңылаулар алдында және салғын сақтау сауытында орналасқан, 1/22 суреті.

Ескерту:

Ең суық аумағында тез бұзылатын азық-түліктерді сақтаңыз (мысалы балық, шұжық, ет).

- Ең жылы аумағы - есіктегі ең жоғары аумағы.

Ескерту:

Ең жылы аумағында мысалы ірімшік пен майды сақтаңыз. Осы жерде сақтау арқылы қатты ірімшік түрлөрі өз дәмі мен жұпарын сақтап, ал май наңға жағу үшін қатпай, жұмсақ қалыпта сакталады.

Көкөніс салу үшін ылғалдылық реттегіші бар сауыт

Сурет 7

Көкөніс, және жеміс үшін лайықты сақтау климатын жасау үшін, көкөністерге арналған сауытта ауа ылғалдылық деңгейін реттеуге болады:

- көбінесе көкөністер, аРАЛАС өнімдер салынғанда немесе салынған бүйімдардың көлемі төмен болғанда – ауа ылғалдығының жоғары деңгейі
- көбінесе жеміс салынғанда және көп көлемде толтыруды – ауа ылғалдығының төмен деңгейі

Нұсқаулар

- Суыққа сезімтал жеміс (мысалы ананас, банан, папайя және цитрус түқымды жеміс) пен көкөністерді (мысалы бағалды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өз сапасы мен жұпарларын сақтау үшін тоназытқышқа салмай, температурасы +8 °C тен +12 °C дейін болған ортада сақтау лазыым.

- Көкөніс контейнерінде – сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты – конденсациялық ылғал сұының пайда болуы мүмкін. Конденсациялық суды құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын ылғалдық реттегіш арқылы лайықтаңыз.

Суытып сақтау бөлімшесі

8-ші сурет

Суықта сақтау бөлімшесінің температура деңгейі суыту бөлімшесіндегі деңгейден төменірек. 0 °C төменірек температура деңгейлерінің пайда болуы мүмкін. Балық, ет және шұжық бұйымдарын сақтау үшін мінсіз. Салаттар, көкөніс және суыққа сезімтал өнімдерді сақтау үшін қолдануға болмайды. Салқын сақтау сауытындағы температурасын желдету саңылауы арқылы өзгертіп отыруынызға болады. Температураны төмендеду үшін температура реттеуішін жоғарыға қарай жылжытыңыз. Температура деңгейін жоғары қылу үшін температура реттеуішін төмениңе қарай жылжытыңыз.

Сурет **6**

Таза тұман шығару жүйесі

Таза тұман шығару жүйесі көкөністерге арналған сауытқа су тұманын шығарады және осылайша ас өнімдерінің сақтау мерзімін және балындығын жақсарты алатын сақтау атмосферасын тудырады.

Таза тұман шығару жүйесі үшін төмендегілер жарамды:

- Жапырақты көкөністер және қырыққабат, мысалы, қауданды салат немесе брокколи
- Сағакты көкөністер және тармақты көкөністер, мысалы, қасқыржем немесе балдыркек
- Тамыр жемісті көкөністер және тамыр түйнекті көкөністер, мысалы, сәбіз немесе шалғам
- Шөптер, мысалы, ақжелек немесе кек пияз

Таза тұман шығару жүйесі үшін төмендегілер жарамсыз:

- Жемістер, мысалы, тропикалық жеміс дақылдары
- Жеміс көкөністері, мысалы, қияр, қызыл бұрыш немесе бұршақ түкімдастар
- Ілғалға сезімтал ас өнімдері, мысалы, жидек, саңырауқұлақ немесе сарымсак
- Зақымдалған немесе жаншылған жерлері бар ас өнімдері

Super-тоңазыту

Super-тоңазытуда тоңазытылатын бөлім шамасы 6 сағат бойынша мүмкін болғанша суық деңгейде тоңазытылып тұрады. Осыдан кейін ол автоматты түрде Super-тоңазытуға дейін орнатылған температурага ауысады. Super-тоңазыту қосу, мысалы

- өнімдерді көп көлемде салу алдынды қосыңыз.
- сусындарды тез түрде суыту үшін.

Қосу және өшіру

4-сурет

1. Суыту бөлімшесін °C түймесін басып таңдаңыз.
2. Super түймесін басыңыз.

supercool индикаторы жанады.

Айрықша суыту функциясын өшіруге болмайды. Құрылғы 6 сафаттан кейін алдын ала реттелген температурага автоматты түрде ауысады.

Ескерту:

Super-суыту жүйесі қосылып тұрғанда бұйымның жұмыс істүіне байланысты шуыл пайда болуы мүмкін.

Таза тұман шығару жүйесі

⚠ Сақтандыру және

сақтандырулар

Оңтайлы тұман шығарылуына қол жеткізу мақсатында және гигиеналық тұрғыдан таза тұман шығару жүйесін тек тоназлықшамасындағы температурасында пайдаланыңыз.

Таза тұман шығару жүйесін қолданысқа енгізу

13-сурет

- Су багын шығарып, қақпақты алып тастаңыз.
- Су багын таңбаламаға дейін сүмен толтырыңыз.

⚠ Сақтандыру және

сақтандырулар

- Ауыз су сапасына ие суды қолданыңыз.
 - Су багының максималды толтыру деңгейінен асырмайыз. Артық су таза тұман шығару жүйесіне кедергі келтіріп, жабдыққа зақым келтіруі мүмкін.
 - Қақпақты су багына орнатып, су багын қайтадан таза тұман шығару жүйесіне салып қойыңыз.
 - Таза тұман шығару функциясын реттеу түймесін, дыбыстық сигнал берілгенше, 3 секунд басып тұрыңыз.
- Таза тұман шығару жүйесі қосылады.

Ескерту:

Сауыттағы ылғалдылық сақталуы үшін, таза тұман шығару жүйесі қосылып тұрғанда, ылғалдылық реттегішін жоғары ауа ылғалдылығына орнатыңыз.

- Ас өнімдерін көкөністерге арналған сауытта біркелкі үlestіріңіз.

Ескерту:

Қалқадан сол жақта орналасқан ас өнімдері таза тұман шығару жүйесімен жақсырақ дымқылданады. Аудан қаншалықты кіші болса, әсер соншалықты жақсы болады. Оңтайлы әсер ету үшін қалқаны сол жақ позицияға орнатыңыз.

Таза тұман шығару режимін тандау

⚠ Сақтандыру және

сақтандырулар

Су багында су тым аз немесе мүлдем жоқ болғанда, су багын толтыру индикаторы жанады. Таза тұман шығару жүйесі бұдан былай оңтайлы түрде қызмет етпейді. Су құйыңыз.

Ескерту:

Су багы тиісінше орнатылмаған жағдайда, су багын толтыру индикаторы жыпылықтайды.

Су багын шығарып, қайтадан орнатыңыз.

Төмөндегі режимдерді тандауға болады:

■ Автоматты режим:

Су тұманы жүйелі түрде және көкөністерге арналған сауытты жапқан кезде көкөністерге арналған сауытқа себіледі.

Жоғары ауа ылғалдылығы – жапырақты көкөністер және шөптер, мысалы, қауданды салат, ақжелек немесе көк пияз үшін жарамды.

■ Қолмен басқару режимі:

Көкөністерге арналған сауытты әр жапқаннан кейін, су тұманы 30 секунд ішінде көкөністерге арналған сауытқа себіледі.

Темен ауа ылғалдылығы – қырыққабат, сағақты көкөністер, тармақты көкөністер, тамыр жемісті көкөністер және тамыр түйнекті көкөністер, мысалы, брокколи, балдыркөк немесе сәбіз үшін жарамды.

Таза тұман шығару режимін таңдау:

- Таза тұман шығару функциясын реттеу түймесін, қалаулы индикатор жанғанша, басыңыз.

Таза тұман шығару жүйесін қолданыстан шығару

Демалыс сияқты ұзақ мерзімді пайдаланба жағдайларында таза тұман шығару жүйесін өшіріп, қолданыстан шығару керек:

1. Таза тұман шығару жүйесінің қосу/өшіру түймесін, барлық индикаторлар сөнгенгеше, 3 секунд басып тұрыңыз.
2. Таза тұман шығару жүйесі өшіп қалады.
2. Су багын тазалап кептірініз және сусызың қайта іске қосыңыз.
3. Таза тұман шығару жүйесін толығымен сұртіп кептірініз.

Мұздату бөлімшесі

Мұздатқыш бөлімін қолдану

- Жылдам мұздатылған өнімдерді сақтау үшін.
- Мұз текшелерін жасау үшін.
- Өнімдерді мұздату үшін.

Ескерту:

Мұздатқыш камера есігінің әрдайым жабулы болуына назар аударыңыз! Есігі ашық кезде өнімдер ери бастайды, ал мұздатқыш бөлімінің мұз басады. Оған қоса: тоқтың асқын мөлшерде тұтынылуына байланысты электр қуаты ысырап болады!

Мұздату қуаты

Мұздату қуаты туралы ақпарат зауыттық тақтайшада көрсетілген. Сурет **16**

Мұздату қуатына қатысты қойылатын талаптар

- Жана өнімдерді салу алдынан Super-мұздату функциясын қосыңыз ("Super-мұздату" тарауын оқыңыз).
- Сауытты шығарып алыңыз; Азық-түлік өнімдерін тікелей сөрелер мен мұздатқыш бөлімшесінің түбіне бірінің үстінен біріп қойып салыңыз.
- Көп мөлшерлі өнімдерді жоғарғы бөлікте мұздату жөн. Олар онда төзірек мұздайды, сонын арқасында пайдалы қасиеттері көбірек сақталады.

Мұздату және сақтау

Жылдам тоқазытылған өнімдерді сатып алу

- Өнімдер орамасы зақымдалмаған болуы керек.
- Өнімнің жарамдылық мерзіміне көніл аударының.
- Сату сәтіне дейін өнімнің сақталу температурасы - 18 °C жоғары болмауы керек.
- Жылдам тоқазытылған өнімдерді жеке арнайы мұздату пакетте тасыған және төзірек мұздатқышқа қойған лазы.

Өнімдерді орналастыру кезінде төмендегілерге назар аударының:

- Көп мөлшерлі өнімдерді жоғары бөліктө мұздату жөн Олар онда төзірек мұздайды, соның арқасында пайдалы қасиеттері көбірек сақталады.
- Көп көлемді өнімдерді сөрелерде, сондай-ақ мұздатылған өнімдерге арналған сауыттарда бөліп салуға болады.

Ескерту:

Мұздатылып қойылған өнімдерді енді ғана мұздатылатын жаңа өнімдермен жанаспауы лазы. Керек болса, мұздатылған өнімдерді басқа сауытқа ауыстырып салуға болады.

Мұздатылған өнімдерді сақтау

Ауаның мінсіз айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатылған өнімдерге арналған ыдысты тірелгендеше дейін алаға қарай итеріп отырып орнатының.

Жаңа әкелінген өнімдерді мұздату

Мұздату үшін тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана пайдаланыңыз.

Көкөністердің қоректік заттары, хош ісі мен түсі мүмкіндігінше жақсы сақталу үшін оларды мұздатудың алдында булат алу қажет. Баклажан, бұрыш, кәдіш пен спаржаны булау қажет емес. Сатылымда өнімдерді мұздату мен булау жөніндегі кітаптарды таба аласыз.

Ескерту:

Мұздатылатын өнімдерді мұздатылып қойған өнімдерге жанастырмалған жөн.

- Төмендегі өнімдерді мұздатуға болады:
Нан-тоқаш бұйымдары, балық және теңіз өнімдері, ет, андар еті, үй құс еті, көкөністер, жемістер, шөптер, қабығы алынған жұмыртқа, ірімшік, май және сүзбе сияқты сүт өнімдері, дайын тағамдар және келесі тағамдардың қалғандарын: көже, қою көже, дайын ет және балық, картоптағамдары, бәліштер мен тәтті тоқбасарлар.
- Мұздатылмайтын тағамдар:
Әдетте шикі түрінде желінетін көкөністердің сұрыптары, атап айтқанда жапырақты салаттар, шалғам, қабығы алынбаған жұмыртқа, жұзім, бүтіндей күйінде алма, алмұрт және шабдалы, бітеудей пісірілген жұмыртқа, йогурт, қатық, кілегей, қаймақ және майонез.

Мұздат үшін өнімдерді жақсылап буып-тую

Өнімдердің дәмі кетпеу үшін не кеүіп қалмау үшін оларды жақсылап қымтал жабыныз.

1. Өнімдерді орамағасалыңыз.
2. Ішіндегі ауасын түгелдей шығарып алыңыз.
3. Ораманы қымталап жабыңыз.
4. Орама үстінен ішіндегі заттың атауын және мұздатылған күнін жазыңыз.

Орауыш қатары пайдалынады:

Пластикалық орауыштар, полиэтилен, алюминий пленкалар, қанылтыр бөтелкелер.
Бұл заттар арнаулы дүкендерде сатылады.

Орауыш қатары пайдаланбайды:

орауыш қағаз, пергамент, целлофан, коқыс қапқалар және пайдаланған сәмкелер.

Жабу үшін пайдаланады:

Резенке сақиналар, пластикалық ілгешектер, сұыққа шыдамды жабысқақ баулар т.б.
Полиэтилен қап пен шланг пленкаларды пленкаларды дәнекерлеу күрылғысымен жабыстыру мүмкін.

Мұздатылған өнімдердің жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі өнімнің түріне байланысты.

-18 °C дейінгі температурада:

- Балық, шұжық, даяр тағамдар, нан-бөлке бұйымдары:
6 айға дейін
- Ірімшік, құс еті, ет:
8 айға дейін
- Көкөніс, жеміс:
12 айға дейін

Супер мұздату

Тамақ өнімдерінің, олардың құрамындағы дәрумендер, коректік заттар, сыртқы түрі мен дәмдік қасиеттері сақтай алу үшін, мүмкіндігінше жылдам мұздатылып қойылуы лазыым.

Температураның көтерілуіне жол бермеу үшін жаңа өнімдерді салудан бірнеше сағат бұрын Супер мұздату режимін қосыңыз.

Әдете 4–6 сағат жеткілікті болады. Құрылғы қосылғаннан кейін ол түрақты түрде жұмыс істейді, мұздатқыш бөлмесінде өте тәмен температураға қол жеткізіледі.

Ен жоғары мұздату қабілетін пайдалану үшін терен Super-мұздату функциясын бұйымға жаңа өнімдерді салу алдынан 24 сағат бұрын қосу керек.

Аздаған мөлшердегі өнімдерді (2 кг дейін) терен мұздату функциясын қолданусыз мұздатуға болады.

Ескерту:

Super-мұздату жүйесі қосылып түрганда істе болып түрганын білдіретін бірқатар дыбыстардың пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру

4-сурет

1. Мұздату бөлімшесін °C түймесін басып таңдаңыз.
2. Super түймесін басыңыз.
superfreeze индикаторы жанады.

Айрықша мұздату функциясын өшіруге болмайды. Құрылғы шамамен 2 ½ күннен кейін алдын ала реттелген температураға автоматты түрде ауысады.

Мұздатылған өнімдерді еріту

Өнімдердің түрлері мен оларды одан әрі қалай пайдалануыңызға байланысты Сіздің келесі мүмкіндіктерді арасында тандай алуыныңға болады:

- бөлме температурада
- тоңазытқыштың ішінде
- желдеткіш бар/жоқ электр пеште
- шағын толқынды пеште

Сақтандыру және

сақтандырулар

Мұзы аздал еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісрілген не қуырылған түрінде) әзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Мұндай өнімдерді ең жоғары сақтау мерзіміне жеткізей тұтыну қажет.

Жабдықталуы

Серелер мен сауыттар

Электрбүйміншің ішкі бөлімшесі мен оның есігінің серелер мен сауыттарының орындарын ауыстырып отыруыныңға болады. Сөрені алға қарай тартып, біраң тәменге қарай тәмендетіп, қайира отырып шығарыңыз. Сауытты жоғарыға қарай тарта отырып шығарып алыңыз.

Арнайы жабдықтама

(барлық модельдерде бірдей бар бола бермейді).

Май және ірімшік үшін сере

Май салатын сөресінің қайырып ашылатын қақпағының ортасынан біраң басу арқылы май салатын сөресін аша аласыз.

Сөрені тазалау үшін оны біраң көтере отырып шығарыңыз.

Таңғы тамақ үшін жиынтық

10 суреті

Таңғы тамақ үшін жиынтығының сауытын бөлек шығарып алып, толтыруға болады.

Таңғы тамақ үшін жиынтығын толтыру немесе босату үшін оны электрбүйимнан шығарып алуыныңға болады. Ол үшін таңғы тамақ үшін жиынтықты жоғарыға қарай көтере отырып шығарып алыңыз. Сауыттың бекітілуін жылжытуыныңға болады.

Шишалар сөресі

11 суреті

Шишалар сөресінде шишаларды қауіпсіз түрде қоя аласыз.

Көкөністерге арналған жылжымалы жәшік бөлгіші

Сурет 12

Бөлгішті шығарып алуға және басқа жерге қайта салуға болады.

Мұз ыдысы

15 суреті

1. Мұз ыдысын $\frac{3}{4}$ көлемінде ауыз сумен толтырыңыз және мұздатқыш бөліміне қойыңыз.
2. Ішінде даяр мұзы бар ыдысты дәкір заттармен (мысалы, қасықтың сабымен ғана) ашу керек.
3. Мұз текшелерін шығару үшін ыдысты ағып тұрган судың астына аз уақытқа үстай тұрып немесе мұз ыдысын сөл бұраңыз.

Мұздату күнтізбесі

14 суреті

Мұздатылған өнімдердің саласы тәмендең кептепеү үшін олардың сақтауын сақтау мерзімін асырманыз. Символдардың жанындағы сандар өнімдердің алармен көрсетілген жарамды сақтау мерзімін білдіреді. Дүкеннен алынған жылдам мұздатылған өнімдердің жасалу күні мен жарамдылық мерзіміне назар аудырыңыз.

Суыту аккумуляторы

Суыту аккумуляторын азық-түлікті аз уақытқа салқындастып алу үшін (мысалы, суыту бөлімінде) тоңазытқыштан шығарып алуға болады. Электр тогының берілуі тоқтап қалған немесе ақау пайда болған жағдайда, суыту аккумуляторы сақталған мұздатылған өнімдердің жылдып кетуін кідіртеді.

“OK” жапсырмасы

(барлық модельдерде бар бола бермейді)
“OK” жапсырмасымен суыту бөлімшесінде температура азық-түліктер үшін ұсынылған қауіпті +4 °C немесе одан төмен аймағына жеткенін тексеру мүмкін. Егер жапсырма “OK” көрсетпесе, температуралы аз-аздап төмендетіліз.

Ескерту:

Құрылғыны іске қосудан соң ол реттелген температурага жеткенше 12 сағатқа дейін етіү мүмкін.



Дұрыс реттеу

Тоңазытқышты өшіру және істен шығару

Құрылғыны өшіру

"+" түймесін 10 секунд басыңыз. Тоңазытқыш өшіп қалады. Тоңазытқышты қайта қосу үшін "+" түймесін 10 секунд басыңыз.

Электрбұйымды істен шығару

Электрбұйым ұзак мерзімде пайдаланбаса:

1. Ашаны розеткадан шығарыңыз немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
2. Электрбұйымды тазалаңыз.
3. Электрбұйым есігін ашық қалтырыңыз.

Ескерту:

Құрылғы зияндарының алдын алу үшін құрылғы есіктері өздері ашық тұратын етіп ашық тұруы керек. Есікті ашық ұстая үшін есікке ешқандай заттарды қыспаныз.

Бүйімды тазалау

⚠ Сақтандыру және

сақтандырулар

- Құрамында құм, хлорид не қышқыл бар тазалау не еріткіш заттарын қолданбаңыз.
- Абразивтік жуу заттарын және қырғыш ысқыштарды қолданбаңыз. Темір бөлшектер үстінде коррозия пайда болуы мүмкін.
- Сөрелерді және бөлімдерді ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға болмайды.
- Бөлшектер өз пішінін жоғалтуы мүмкін!

Ескерту:

Таза тұман шығару жүйесін пайдаланған кезде, су багын тазалау индикаторы, соңғы рет тазалағаннан кейін 7 күн өткенде, жанады. Су багын тазалағаннан және іске қосқаннан кейін, индикатор сөнеді.

Тазалау үшін қолданған су келесі жерлерге түспеуі тиіс:

- Басқару элементтеріне
- Жарық
- Желдеткіш саңылауларына
- Аралық тақтадағы тесіктер

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

1. Желілік ашаны сұрып алыныз немесе сақтандырышты өшіріңіз.
 2. Мұздатылған өнімді шығарып, салқын жерде сақтаңыз. Суық, аккумуляторын (бар болса) ас өнімдерінің үстінен қойыңыз.
 3. Құрылғыны жұмсақ шүберекпен, жылы сумен және pH деңгейі бейтарап жуғыш затпен тазалаңыз.
Шаю сұйықтығы басқару элементтеріне, жарық, элементтеріне, желдету саңылауларына немесе аралық тақтаның саңылауларына кірмеүі тиіс!
 4. Таза тұман шығару жүйесінің су багын шығарып, тазалаңыз.
- #### Нұсқаулар
- Біраз уақыт өткенде, су багында жінішке әк үлдірі пайда болуы мүмкін. Әк үлдірін жұмсақ, қылшақпен кетіріңіз.
 - Таза тұман шығару жүйесі арқылы көкөністерге арналған сауытта және таза тұман шығару жүйесінің саңылауында конденсат пайда болады. Бұл құрылғының қалыпты ерекшелігі болып табылады. Конденсатты құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
 5. Есік тығыздауышын таза сумен ғана сүртіп, содан кейін жақсылап кептіріңіз.
 6. Құрылғыны тазалағаннан кейін қайтадан жалғаңыз.
 7. Мұздатылатын өнімдерді қайтадан салыңыз.

Жабдықталуы

Тазалау үшін тоңазытқыштың бірнеше бөлшектері шығарылып алынады.

Есіктегі сақтау өрешелерін шығарып алыңыз

3 суреті

Өрешелерді жоғарыға қарай біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Әйнек сауытын шығарып алу

Әйнек сауыттарын алға қарай тарта отырып, шығарып алыңыз.

Сауыты шығару

8 суреті

Сауытты толығымен алға тартып, алдыңыз жағынан біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Мұздату үшін сауыттарды шығару

9 суреті

Әнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңыз, алдыңыз жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз.

Әйнек сөресін көкөніс салатын сауыты үстінен шығарыңыз

11 суреті

Әйнек сөресін тазалау үшін оны бұйымнан шығарып, бөлшектеп алыңыз.

Ескертү:

Әйнек сөресін шығару алдынан көкөніс салатын сауытын шығарып алыңыз.

Таза тұман шығару жүйесінің су багын шығару

13-сурет

1. Су багын шығарып, қақпақты алып тастаңыз.

2. Суды төгініз.

Жарық (СИД)

Тоңазытқыш күтілмейтін светодиод жарығымен жабдықталынған.

Тек сервистік қызмет көрсету орталығында немесе үәкіл етілген мамандарда бұл жарықты жөндеуге құқығы бар.

Энергияны үнемдеу

- Бұйымды құрғақ, жедетілетін орнатыңыз. Бұйым тікелей күн сәулеңі түсетін жерде не жылу көздерінің жаңында (мысалы, ас үй пеші, жылжту аспаптарының жаңында) қойылмауы тиіс. Қажет болған жағдайда жылу сақтағышпешін қолданыңыз.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.
- Мұзын еріту үшін мұздатылған өнімдерді суытқыш бөліміне салып, олардың суығын өнімдерді суыту үшін пайдаланыңыз.
- Тоңазытқышты қысқа уақытқа ғана ашыңыз.
- Ең кем энергия тұтынуға жету үшін: жан қабырғадан аз аралықты сақтаңыз.
- Жәшіктердің орнатылған тәртібі бұйымның электр қуатын тұтынуына әсер етпейді.

Жұмыс шұылды

Мұлде кәдімгі шұылдар

Ескерту:

Егер супер мұздату функциясы қосылып тұрса, көп жұмыс шұылдары пайда болуы мүмкін.

Дүріл

Моторлардың жұмысы (мысалы, тоңазыту агрегаты, желдеткіш).

Бұлкілдейтін, ызылдайтын немесе арқырауық дыбыстар

Суытқыш заты түтіктер арқылы ағып жатыр.

Шерту

Моторды, қосқышты немесе магнит қақпағын іске қосқан / өшіргенде естіледі.

"Шерт" етіп

Автоматикалық еріту барысы басталады.

Тамшылау

Су таза тұман шығару жүйесінде конденсацияланып, су багында тамшылайды.

Шұыл деңгейінің жоғарылауын болдырмау

Құрылғының тегіс бетте тұрмауы
Құрылғыны ватерпастың көмегімен тегістеніз. Бұл үшін бұрылатын аяқтарын пайдаланыңыз немесе құрылғының астына бірдене салыңыз.

Құрылғы "жаңасып тіреліп тұр"

Құрылғыны жаңындағы жиһаздан не аспаптардан біраз алдыстырақ жылжытып қойыңыз.

Ұсырмалы жәшіктер не сөрелер тербеліп тұр не қарысып қалған

Алынбалы беліктерінің қалай орнатылғанын тексеріңіз және қажетіне қарай оларды дұрыс орнатыңыз.

Бөтелкелер бір біріне тиіп тұр

Бөтелкелерді бір бірінен азғантай ары жылжытыңыз.

Шағыг ақаулылықтарды өз бетінше жою

Сервистік қызметтіне телефон арқылы хабарламас бұрын:

Ақаулылықты келесі ұсыныстардың көмегімен өз бетіншіз же жоя алу мүмкіншілікті тексеріп алышыз.

Сіз кеңес беру үшін сервистік қызметті шақыртудың ақысын тіпті кепілдік мерзімінің ішінде төлеуге тиіссіз! –

Бөгеттер	Ықтимал болған себебі	Ақаулылықтарды жою
Температура таңдалған температурадан ерекшеленеді.		<p>Тоңазытқышты бірнеше минутке өшіріңіз.</p> <p>Температура жоғары болса бірнеше сағат өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз.</p> <p>Температура төмен болса бір күн өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз.</p>
Суыту бөлімшесінің немесе суытып сақтау сәресінің іші тыым суық.		<p>Суыту бөлімшесіндегі температураны жылығырақ қылып қойыңыз.</p> <p>Салқын сақтау бөлімшесінің температура реттеуішін төменге қарай жылжытыңыз. Сурет 6</p>
Мұздату камерасындағы температура тыым жоғары.	<p>Құрылғы жиі ашылып тұрады.</p> <p>Желдеткіш және ауаны шығаратын саңылаулар бітеліп қалды.</p> <p>Балғын ас өнімдерінің үлкен мөлшерін мұздату.</p>	<p>Құрылғыны қажетсіз аша берменіз.</p> <p>Бөгеттерді жойыңыз.</p> <p>Мұздату өнімділігінен асырмаңыз.</p>
Құрылғы суытпай тұр, температура индикаторы және шам жаңып тұр.	Көрсетілім режимі қосылған.	<p>° С түймесі мен + реттеу түймесін растау сигналы берілгенше 5 секунд басып тұрыңыз.</p> <p>Түймелерді жібергенде тағы бір растау сигналы беріледі.</p> <p>Біраз уақыттан кейін құрылғының суытып тұрған-тұрмағанын тексеріп шығыңыз.</p>
Құрылғының жан қабырғалары жылы.	Жан қабырғаларда суыту кезінде қызыатын құбырлар тұр.	<p>Бұл қалыпты құрылғы жұмысы ақаулық емес.</p> <p>Құрылғыға тиіп тұрған жиһаздар жылу арқылы зақымдалмайды.</p>

Бөгөттер	Үкітимал болған себебі	Ақаулылықтарды жою
Жарық істемей түр.	LED шам жүйесі бұзылған қалыпта. Электрбұйым тым ұзак уақыт бойы ашылып тұрды. Шам жүйесі шамасы 10 минуттан кейін өшіріледі.	"Шам беру жүйесі (LED)" тарауын оқыңыз. Электрбұйымды ашу және жабудан кейін шам жүйесі қайта қосылады.
Көрсеткіштердің бірде бірі жанбайды.	Электр қуаты жоқ; сақтандырыштар іске қосылды; Аша дұрыс істемей түр.	Штекерді жалғаңыз. Электр тоғының беріліп не берілмей тұрганын – және сақтандыру құрылғысын тексеріңіз.
Мұздатқыш бөлімінің есігі ұзак уақыт бойынша ашық болып тұрды; температура бұдан әрі керекті деңгейге жетпей түр.	NoFrost-жүйесіндегі булағыш (сұық шығару генераторы) аса мұздап кетіп, осы себептен өзи-өзімен автоматты тұрде еріп кете алмайды.	Буландырышты ерітіп алу үшін мұздатылған өнімдерді сөрелерден шығарып алып, қаптап сұық бір орында сақтаңыз. Электрбұйымды өшіріп, қабырғадан ығыстырыңыз. Электрбұйым есігін ашып қойыңыз. Шамамен 20 минуттан кейін еріген су электрбұйымның артқы жағындағы булау сауытына ага бастайды. Бұл жағдайда, булау сауытынан еріген судың тасып кетуін болдырмау үшін, еріген суды сорғыш ысқышымен сіндіріп алыңыз. Еріген судың булау сауытына ағылуы аяқталғанында буландырыш толығымен ерітілді. Ішкі бөлімшесін тазаланыз. Электрбұйымды қайта іске қосыңыз.
Құрылғы бетінде және құрылғы сөрелерінде конденсат пайда болады.	Жылы және дымқыл қоршаш температуралары әсерді күштейтеді.	Суды жұмсак, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. ■ Құрылғыны қысқа уақытқа ғана ашыңыз ■ Құрылғы әрдайым жабылып тұрганына назар аударыңыз.
Су багын толтыру индикаторы жыпылықтайды.	Су багы тиісінше орнатылмаған.	Су багын шығарып, қайта орнатыңыз.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру автоматты түрде атқарылатын бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама сервистік қызмет көрсете орталығы жөндөйтін ақауларды анықтайды.

Электрбұйымның өз-өзін тексеру тестін бастау

1. Электрбұйымды өшіріп, 5 минут күтіңіз.
2. Электрбұйымды қосып, алғашқы 10 секунд бойынша °С түймешігін,—"реттеу түймешігін, акустикалық дыбысты белгісі естілгенше дейін 3-5 секунд бойы баса беріңіз.

Өзін-өзі тексеру бағдарламасы басталады.

Өзін-өзі тексеру тест аяқталып, акустикалық белгі екі рет естілгені бүйімьыздың қалыптағыдай жағдайда болғанын көрсетеді.

5 акустикалық сигналдар естілгені қателердің бар болуын білдіреді. Қызмет көрсете сервис орнына қате туралы хабарлаңыз.

Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеруін аяқтау

Осы бағдарлама аяқталғаннан кейін электрбұйым қалыпты жұмыс тәсіліне көшеді.

Сервистік қызмет көрсетеу


Жақын мандағы сервистік қызмет көрсете орталығының телефон нөмірін телефон анықтамалығынан немесе сервистік қызмет көрсете тізімінен табуға болады. Сервистік қызмет көрсете орталығына құрылғының өнім нөмірін (E-Nr.), өндіру нөмірін (FD) және реттік нөмірін (Z-Nr.) хабарлаңыз. Бұл мәліметтер фирмалық тақтайшада көрсетілген. Сурет **16**

Осылайша қажетсіз іске қосуды болдырмауға және соған қатысты қосымша шығындарды үнемдеуге көмектеседі.


Жөндеу тапсырмалары мен бөгет кезіндегі кеңестер

Сервис қызметтерінің қоса ұсынылған тізімінде олардың барлық елдердегі байланысу мәліметтері көрсетілген.


KZ 8 800 800 801




1





2



3




4




5


6




7




8




9




10



11




12




13



14



15



16



Thank you for buying a Bosch Home Appliance!

Register your new device on MyBosch now and profit directly from:

- Expert tips & tricks for your appliance
- Warranty extension options
- Discounts for accessories & spare-parts
- Digital manual and all appliance data at hand
- Easy access to Bosch Home Appliances Service

Free and easy registration – also on mobile phones:

www.bosch-home.com/welcome

BOSCH
HOME APPLIANCES
SERVICE

Looking for help? You'll find it here.

Expert advice for your Bosch home appliances, need help with problems or a repair from Bosch experts.

Find out everything about the many ways Bosch can support you:

www.bosch-home.com/service

Contact data of all countries are listed in the attached service directory.

Bosch Home Appliance Group

P.O. Box 83 01 01

D-81701 Munich

Germany

www.bosch-home.com



8001210339 (0010)

ru, kk